

## **1. №7 Семинар сабағының тақырыбы. Қазақстанның 1920-1950 жылдардағы түркі халықтарының қоғамдық саяси жағдайы**

### **2. Сабақтың мазмұны:**

1. Депортация ұғымының мәні және Кеңес өкіметінің көші-қон саясатымен халықтар депортациясы.
2. Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар.
3. Соғыс жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы.

**3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** Кеңес Одағында жүргізілген күштеп қоныс аударту саясаты мен депортациялау процесіне ғылыми талдау жасау.

**4. Техникалық және инструментальдық құралдары:** интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

**5. Сабақтарды өткізу тәртібі.** Қазақ қоғамын таптық негізде жіктеу саясаты кең түрде жүрді. Бірінші дүниежүзілік соғыс, оның артын ала келген революциялық өзгерістер, бүкіл Кеңес елінің кеңістігін қамтыған азамат соғысы қазақ даласына да орасан зор ауыртпалықтар ала келді. 1916—1921 жылдар арасында (кей деректерде) аштықтан қырылған және оққа ұшқан қазақтардың саны 800 мыңға, ал атамекенінен көшіп кеткендердің саны 200 мың адамға жетті. Бұл сол кезеңдегі қазақ халқының шамамен бестен бір бөлігі еді.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық қазақ қоғамын біржолата тұралатып кетті. Шаруашылық дағдарысы жұмыссыздардың санын күрт өсіріп, кедей-жатақтардың қоғамдағы үлес салмағын ұлғайтып жіберді. Жаңа ғана орнаған кеңестік билік күйзеліске ұшыраған қоғамның әл-ауқатын жөндеу және жақсарту қамына кірісудің орнына ең алдымен саяси мәселелерді шешуге басымдылық берді.

Қоғамдық құрылыстың таптық негізде жіктеу бойынша сипат алуы 1923 жылы 17-22 наурыз күндері Орынбор қаласында болып өткен Қазақ партия ұйымының III конференциясында анық байқалды. Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің өкілі Е.Ярославский мен Қазақ үкіметі төрағасының орынбасары А.Вайнштейн өздерінің баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде ендігі уақытта ұлттық мүддеге қатысты мәселелерге басымдылық беруден бас тартып, назарды бұқара халықтың таптық санасын көтеру ісіне бұруды талап етті.

Бұл іс жүзінде Қазақ елінің өзін-өзі басқару, мемлекеттік басқару ісінде жергілікті ерекшеліктерді ескеру, мемлекеттік аппаратты қазақтандыру және басқа осы сияқты жалпыұлттық мәселелерді тым көп көтеруді тоқтату жөнінде орталықтан берілген нұсқау еді. Сонымен бірге ұлт мәселесінде «ұстамдылыққа» шақырған орталық, оның есесіне тапаралық қатынастар мәселесінде ымырашылдыққа жол бермеуге, қазақ кедейлерінің «әлі оянбаған таптың түйсігін» шайқап, оларды байларға қарсы қоюға үндеді. Бұл қазақ қоғамында үлес салмағы болар болмас (0,5%-ға да жетпейтін) байлар табына

және олардың меншігіне «қызыл гвардиялық шабуылға» көшуге жасалған даярлықтың көрінісі еді.

Орталық пен оның Қазақстандағы өкілдерінің мұндай ұстанымына ашық қарсылық көрсеткен жеке қазақ басшылары аз болған жоқ.

Смағұл Сәдуақасов сол кезде таптық негізде жіктеу саясатына қарсы болды.

1920 жылдардың бас кезінде егіс көлемі 20 %-ға кеміп, астықтан алатын өнім үш есеге азайды. Ауыл шаруашылығы саймандары тозып біткен еді. Шаруашылыққа қажетті техниканың жетіспеушілігінің салдарынан Жетісуда 900 шаруашылыққа тұқым себетін бір машинадан ғана келді. 1920 жылғы есеп бойынша Қазақ АКСР жерінде 455 мыңдай қазақ шаруашылықтары болды. Олардың 200 мыңға жуығының егістік жері бар еді.

Шаруалардың жағдайы ауыр болды.

Ақ гвардияшылар мен интервенттердің 1918-1919 жылдары басып алған жерлерге уақытша қожалық етуі, соғыс қимылдары, құрғақшылық пен жұт ауыл шаруашылығының жағдайын да, шаруалардың тұрмысын да әбден күйзелтті.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу қажеттігі, оның ерекшеліктері мен қиындықтары туды. Елде азық-түлік, тұтыну заттары сияқты халықтың күнделікті күнкөрісіне қажетті бұйымдар жетіспеді. Осыған байланысты РК (б)П X съезінен кейін ендірілген азық-түлік салығын іске асыру біртіндеп жетілдірілді. Бұл бұған дейінгі азық-түлік салғыртына қарағанда әлдеқайда қолайлы еді.

Азық-түлік салғырты бойынша шаруалардың күнкөрісінен артылған азық-түлік әскерлер мен өндіріс орындарындағы жұмысшыларға беру үшін ешбір өтеусіз алынды. Ал бұл жағдай шаруалардың наразылығын тудырды. Өйткені олардан азық-түлігі ешбір қайтарусыз және де қатал әдістермен жиналған еді. Осының салдарынан Қостанай, Орал, Семей, Шымкент уездерінде шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы наразылық ошақтары пайда болды.

Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда еңбекші халыққа тиімді еді. Осы саясатқа сәйкес жерді жалға беру мен алуға, жалдама еңбекті қолдануға рұқсат етілді. Ауыл шаруашылығында, несие және тұтыну кооперациясын дамыту қолға алынды. Ұсақ кәсіпорындар жеке адамдарға немес кооперативтерге жалға берілді. Енді шаруаларға артық азық-түліктерін қалаларға апарып сатуына мүмкіндік беріліп, олардың өзара байланысын нығайтуға жол ашылды.

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшудің қиыншылықтары да болды. 1924 жылдың жазында еліміздің едәуір бөлігін қуаңшылық жайлады. Жоғарыда атап өткеніміздей, оның алдында қатты жұт болып, кей жерлерде малдың 80%-на дейін қырылуына әкеліп соққан еді. Ашығушылар саны біртіндеп көбейіп, республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. Еділ бойынан ашыққан халықтың Қазақстанның батыс губерниялары арқылы Түркістанға үздіксіз ағылып келуі, Сібірге қарай үдере көшуі халық санын күрт кемітті.

Азамат соғысы және 1921-1922 жылдардағы қайыршылық пен аштық Кеңес өкіметі органдарынан өлкенің 2 млн-нан астам ашыққан халқына көмек көрсету жөнінде төтенше шаралар қолдануды талап етті. Елдегі қиыншылықтарға көмек жасау ретінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Декретімен республиканың егін шыққан аудандарының халқы азық-түлік салығынан босатылды.

1922 жылы егіс көлемінің 60 %-ға жуық жеріне Кеңес өкіметі берген тұқым себілді. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары ет салығынан босатылды. Қазақ АКСР-іне ауыл шаруашылығына қажетті машиналар мен құрал-жабдықтарды сатып алу үшін 25 млн сом бөлінді. Ашыққандарға кеңестік Түркістан туысқандық көмек көрсетті. Көп ұлтты өлкенің еңбекшілері оларға 2 млн пұттай астық берді. 20 мыңдай ашыққан адамдарды қабылдады.

Қазақ республикасы еңбекшілерінің өмірінде жаңа үкіметтің, патша өкіметінің жер мәселесі жөніндегі саясатының ауыр зардаптарын жою шаралары маңызды рөл атқарды. Патша өкіметі Сібір мен Орал казак-орыс әскерлеріне бөліп берген жерді қазақ еңбекшілеріне қайтару туралы Декрет шығарды. Осы Декрет бойынша қазақ шаруалары Ертіс жағалауы өңірінен 177 мың десятинадан астам жер алды.

1921 жылы Жетісуда жер реформасы жүргізіліп қазақ, ұйғыр және қырғыз еңбекшілеріне олардан тартып алынған 460 мың десятинадан астам жерді қайтарып берді. Қазақстан бойынша жер реформасын жүзеге асыру кезінде жергілікті жерлерде қателіктер мен асыра сілтеушіліктерге жол берілді.

Ауылда әлеуметтік өзгерістер мен жер реформаларын тиянақты түрде жүзеге асыру үшін 1921 жылы бұқаралық ұйым- Қосшы одақтары құрылды. Қосшы одағына қазақ кедейлерімен қатар орталықтан көшіп келіп қоныстанған кедей шаруалары да тартылды. Бұл одақ бұқара халыққа еңбек артельдерін құруға көмектесіп, жер бөліп беруге қамқорлық жасады, еңбекшілердің саяси сана-сезімі мен мәдени деңгейін көтерді. Күрделі аграрлық мәселені шешуде Қосшы одағының белсенді мүшелері, мемлекет қайраткерлері – А.Асылбеков, Ә.Жангелдин, Г.Коростелов, С.Меңдешев, С.Сейфуллин, А.Розыбақиев, Ж.Бәрібаев және басқалар белсенді қызмет атқарды.

Осы қайраткерлердің кейбіреуіне толығырақ тоқталсақ.

### **Әліби Жангелдин**

Жангелдин Әліби (1884-1953)-қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске белсенді қатысушы, Азамат соғысының ардагері. 1903 жылы Орынбор діни училищесін бітірді. Торғай облысы Кеңестерінің I-съезін (1918 жыл, наурыз), Бүкілқазақтық Кеңестер съезін (1920 жыл, қазан) ұйымдастырушылардың бірі. Торғай облыстық Кеңесінің төрағасы. Одан кейінгі жылдары Қазақстандағы көптеген жауапты қызметтерде болды.

1916 жылы Жангелдин А.Имановпен бірге Торғайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісін басқарды. 1917 жылы Торғай облысының, соңынан бүкіл

Дала өлкесінің әскери комиссары болып тағайындалады. 1918 жылы Жангелдин отряды орталық Ресейден бөлініп қалған Ақтөбе майданына сусыз дала, сор мен құмдар арқылы қару-жарақ, оқ-дәрі, дәрі-дәрмек жеткізді.

1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің I-съезі Жангелдинді Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, әрі әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары етіп сайлады. Оның есімі Қостанай облысының бір ауданына, Қазақстан қалалары мен селоларындағы көшелерге, мектептерге берілді. Алматы, Ақтөбе, Торғай мен Қостанай қалаларында Ә.Жангелдинге арнап ескерткіш орнатылған.

### **Сейітқали Меңдешев**

Меңдешев Сейітқали (1882-1937) – мемлекет қайраткері. Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген (1903). 13 жыл бойында Бөкей даласындағы ауылдарда мұғалім болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қатысқаны үшін тұтқынға алынып, Астрахан түрмесіне қамалады. 1917 жылғы Ақпан революциясы жылдары ол Батыс Қазақстанда ревкомдар құруға қатысты. 1918 жылы Бөкей съезінде губатқаркомитетінің мүшесі болып сайланады, ал 1919 жылы оның төрағасы болады. Ол алғашқы қазақ атты әскери полкін құруға және облыста бірінші комсомол ұйымын құруға қатысады.

1920 жылы 25 тамызда РК(б)П Қырғыз облбюросының құрамына енгізеді. 1920 жылы Меңдешев Қазақ АКСР ОАК-нің бірінші төрағасы болды. 1926-1930 жылдары Мәскеуге шақырылып, РКФСР (ЭКОСО) экономикалық мәжілісінің мүшесі болып тағайындалады.

1930-1937 жылдары Қазақ Республикасы оқу ісі халкомы, ғылым жөніндегі комитеттің төрағасы, қорықтар мен ескерткіштерді қорғау жөніндегі кеңхалкомы басқармасының бастығы болды. С.Меңдешев аштықпен күресу жөніндегі Төтенше комиссияны басқарды. Орта Азия республикаларын ұлттық-мемлекеттік межелеу комиссиясының, республика үкіметінің құрамына жұмысшы қазақтарды тарту жөніндегі ұсыныстарды жасау үшін құрылған арнайы комиссиясының жұмыстарына белсене қатысты.

### **Абдолла Розыбакиев**

Розыбакиев Абдолла Ахметұлы (1897-1938) – қоғамдық қайраткер, журналист. Революцияға дейін Верный мұғалімдер семинариясында білім алған. 1925-1927 жылдары Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университетте (Мәскеу), 1933 жылдан БК (б)П ОК жанындағы лениндік курстардың аспирантурасында, кейіннен КСРО ОАК жанындағы Ұлттар институтында оқыды.

1917 жылы «Верный қаласы мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы» басшыларының бірі, Жетісуда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске қатысушы, Әскери-революциялық комитеттің, Жетісу облыстық атқару комитеті мен облыстық әскери комитетінің мүшесі болды.

1918 жылдан мұсылман большевиктерінің Верный секциясының төрағасы, РК(б)П Жетісу облыстық Комитеті жанындағы ұлттар істері

жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, уездік комиссар қызметтерін атқарды. 1920-1922 жылдары Түркістан РК(б)П ОК-нің аз ұлттар жөніндегі бөлімнің меңгерушісі, Жетісу облыстық партия комитеті бюросының хатшысы болды. 1922 жылдан ұйғыр және дүнген коммунистерінің өлкелік бюросының төрағасы.

1918-1925 жылдары ұлтық газеттердің «Жетісу әшчи- халық мухбири», «Жетісу жұмысшы-шаруа тілшісі», «Көмек», «Бұхара» («Халық»), «Кедей еркі», «Камбагалар авазы» («Кедейлер үні») редакторы және алқа мүшесі. 1931 жылы «Қызыл таң» журналының редакторы сияқты журналистік жұмыстарды да атқарды. 1937 жылдан Қазақстан КП(б)П ОК-нің баспасөз бен баспаханалар бөлімі меңгерушісінің орынбасары. Қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы атылды. 1957 жылы ақталды.

1921-1922 жылдардағы жер реформалары патша өкіметінің аграрлық қатынастар саласындағы отаршылдық саясатына соққы берді. Реформа жұмысшы табы мен қазақ шаруаларының ұйғыр, өзбек, дүнген диқандары одағының нығаюына көмектесті, ұлтаралық келісімді қатынас қалыптастырды.

#### **6. Деңгейлік тапсырмалар:**

1. Депортация ұғымының мәнін ашыңыз.
2. Кеңес өкіметінің көші-қон саясатымен халықтар депортациясын түсіндіріңіз.

#### **7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:**

1. Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтар.
2. Соғыс жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясы.

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Аманжолов К.Р.Түркі халықтарының тарихы. Үшінші кітап. Кітап 3
2. Қазақстан тарихы.бес томдық. Том 3. Алматы. «Атамұра»,2002.
3. Қазақстан тарихы.Очерктер. Алматы. 1994.
4. Мәшімбаев С.Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы,1995.
5. Маданов Х. Қазақ халқының арғы бергі тарихы. Алматы.1995
6. Әбенова Б. Қоныстандыру –орыстандыру тәсілі//Қазақ тарихы. 1999, №2
7. Талдыбаев Ж.Қазақтардың жалпы сандық құрамы //Қазақ тарихы. 2003, №1
8. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (ХІХ ғасырдың соңы - ХХ ғасырдың І жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.